

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯСЫ
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК КОГАМЫНЫҢ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН
ОБЛАСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ
ТАСҚАЛА АУДАНДЫҚ ТІРКЕУ ЖӘНЕ ЖЕР
КАДАСТРЫ БӨЛІМІ

«14 » 01 2021 ж.
ЗАҢДЫ ЧЫНЫМ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУДЕҢ ҚАЙТА ӨТКІЗІЛДІ

№ 50- 1926- 12- НАО - НК күнелік
«09 » 10 2006 ж.
АЛҒАШКЫ ТІРКЕОГЕН КУНИ
061040005767 БСН

2021 жылғы «5» жазылғанда № 1

Батыс Қазақстан облысы
білім басқармасының
бұйрығымен бекітілген

«Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім
басқармасының Тасқала ауданы
білім беру бөлімінің
«Айгөлек» бөбекжайы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кесіпорнының
Жарғысы

1 тарау. Жалпы ережелер

1.1. «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Тасқала ауданы беру бөлімінің «Айғөлек» бөбекжайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық көзіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) жедел басқару құқығындағы мемлекеттік көзіпорынның үйымдық - құқықтық нысанындағы заңды тұлға.

1.2. Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы әкімінің 2006 жылғы 31 наурыздағы №254 қаулысы негізінде Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мұнік туралы» Заңына және Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес «Тасқала аудандық білім бөлімінің «Айғөлек» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын түрінде құрылды.

1.3. Кәсіпорынның құрылтайшысы Батыс Қазақстан облысы әкімдігі (бұдан әрі - Құрылтайшы) болып табылады.

1.4. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын және меншік құқығындағы функциясын үәкілетті орган «Батыс Қазақстан облысының Білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Үәкілетті орган) жүзеге асырады.

1.5. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган ретінде «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Тасқала ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып табылады.

1.6. Кәсіпорынның мемлекеттік (қазақ) тілдегі атауы: «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Тасқала ауданы білім беру бөлімінің «Айғөлек» бөбекжайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық көзіпорны, орыс тілінде: Государственное коммунальное казенное предприятие «Ясли-сад «Айғөлек» отдела образования Таскалинского района управления образования акимата Западно-Казахстанской области».

1.7. Кәсіпорынның орналасқан жері: Батыс Қазақстан облысы, Тасқала ауданы, Мерей ауылы, Абай көшесі, 6 үй.

2-тарау. Кәсіпорынның заңды мәртебесі

2.1. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес балансы, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.

2.2. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Кәсіпорын заңды тұлғаларды құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

2.3. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

2.4. Кәсіпорын жасасатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық әкілдеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын әзаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық әкілдерінде өзгеше көзделмесе, тіркелген кезден бастаған болып есептеледі.

3-тарау. Қәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

3.1. Қәсіпорын қызметінің мәні бір жастан бес жасқа дейінгі мектепке дейінгі здіксіз білім беретін білім беру мекемесінің оңтайлы моделін әзірлеу және енгізу болып табылады, оның мақсаты әр тәрбиеленушінің оқу пәні ретінде ерекше тұлға ретінде дамуына ықпал ету болып табылады.

3.2. Қәсіпорын қызметінің мақсаты:

3.2.1. мектеп жасына дейінгі балалардың дене және психикалық денсаулығын сақтау және нығайту, оларды салауатты өмір салты құндылықтарына баулу;

3.2.2. мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік және жеке дамуын қамтамасыз ету, олардың мүдделерін қанағаттандыру, жалпыадамзаттық және әмбебаптық құндылықтарға баулу негізінде қабілеттерін дамыту;

3.2.3. мектеп жасына дейінгі балалардың бастамашылығын, білімқұмарлығын, әріктілігін және шығармашылық өз ойын білдіру қабілетін дамыту;

3.2.4. балалардың мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың білім беру бағдарламаларын игеруі үшін жағдай жасау;

3.2.5. сапалы мектепалды даярлықты қамтамасыз ету;

3.2.6. азаматтыққа, қазақстандық патриотизмге, адам құқықтары мен ғостандықтарын құрметтеуге, қоршаған табиғатқа, Отанға, отбасына деген ұйғыспеншілікке тәрбиелеу;

3.2.7. ерекше білімді қажет ететін балалар үшін түзету жұмыстары бойынша жағдайлар жасау;

3.2.8. баланың толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен өзара іс-жыныл жасау;

3.2.9. мектепке дейінгі жастағы балаларды үйде тәрбиелеп отырған отбасыларға әдістемелік, диагностикалық және консультациялық көмек көрсетуді үйімдастыру.

3.3. Қәсіпорын – мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы.

3.4. Мектепке дейінгі ұйымның түрі – бөбекжай.

3.5. Тәрбиеленушілердің болу уақыты бойынша толық күн болу, бес күндік жұмыс аптасымен, 08⁰⁰-ден 18³⁰-ға дейінгі 10,5 сағат жұмыс кестесімен және тәрбиеленушілер 3 мезгіл тамақтандырылады.

3.6. Мектепке дейінгі ұйымның негізгі құрылымдық бірлігі топ болып табылады. Топтар жас ерекшелігі бір немесе жас ерекшелігі әртүрлі қағидаты бойынша жасақталады. Мектепке дейінгі топтарының толымдылығы Қазақстан Республикасының халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы жаласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады.

3.7. Жалпы дамытушы мектепке дейінгі ұйымдардың жас топтарында саны 3-тен артық емес ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар баланы тәрбиелеу мен оқыту қарастырылады. Топта ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балалар болған жағдайда топтарды жинақтау осындағы бір балаға балалардың жалпы санын түшкі кеміту есебінен іске асырылады.

3.8. Тәрбие мен оқыту мемлекеттік тілде жүргізіледі.

3.9. Қәсіпорын өз қызметін мынадай кезеңдер бойынша ұйымдастырады:

3.9.1. 1 қыркүйек пен 30 мамыр аралығында – оқу жылты бағдарламасының

~~жынын~~ менгеру кезеңі;

3.9.2. 1 маусым мен 31 тамыз аралығында - жазғы сауықтыру кезеңі;

3.9.3. мектеп жасына жеткен балаларды мектепке дейінгі ұйымнан босату жыл ~~сайын~~ 1 тамызға дейін жүзеге асырылады;

3.9.4. балаларды бір жас тобынан басқасына ауыстыру ағымдағы жылғы 1-31 ~~сайын~~ аралығында жүзеге асырылады;

3.9.5. Тәрбиеленушілерді қабылдау занға тәуелді нормативтік құқықтық ~~жекелегендегі~~ мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын мектепке дейінгі ~~стандарттар~~ беру саласындағы «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Бос орындар болған жағдайда ~~жекелегендегі~~ тұрақты немесе уақытша болуға қабылдау жыл бойы жүргізіледі.

3.10. Баланың орны келесі жағдайларда сақталады:

3.10.1. баланың аурулары;

3.10.2. баланы медициналық, санаторийлік-курорттық және өзге де ұйымдарда ~~жекелегендегі~~ жүзеге асауықтыруда болуы;

3.10.3. ата-анасының біреуіне немесе занды өкілдеріне еңбек демалысын беру;

3.10.4. баланы жазғы кезеңде екі айға дейінгі мерзімде сауықтыру.

3.11. Мектепке дейінгі ұйымнан балаларды шығаруды басшы келесі ~~жекелегендегі~~ жағдайларда жүргізеді:

3.11.1. баланы күтіп-бағу үшін ай сайынғы төлемеки уақтылы төленбеген ~~жекелегендегі~~ төлемеки белгіленген мерзімнен күнтізбелік 15 күннен астам кешіктіру);

3.11.2. бала бір айдан астам дәлелсіз себеппен және өкімшілікке ескертпей ~~жекелегендегі~~ жағдайларда шығарарады;

3.11.3. дәрігерлік консультациялық комиссия анықтамасының негізінде ~~жекелегендегі~~ келуіне кедергі болатын медициналық қарсы көрсетілімдер болған ~~жекелегендегі~~ жағдайларда шығарарады.

3.12. Баланы күтіп-бағу үшін ата-аналардан немесе занды өкілдерден ~~жекелегендегі~~ ай сайынғы төлемінің мөлшері жасына қарамастан тاماқтану ~~жекелегендегі~~ 100 пайзызын құрайды және оны кәсіпорынның құрылтайшысы ~~жекелегендегі~~ белгілейді.

3.13. Тәрбие-білім беру процесі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде әзірленген бағдарламалар мен ~~жекелегендегі~~ жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

3.14. Мектепке дейінгі білім беру ұйымы тиімді тәрбие – білім беру процесін ~~жекелегендегі~~ жекетмасыз ету үшін (бала тұлғасының шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік және салауатты өмір салты негіздерін наыптастыру) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты сақталған жағдайда педагогтерге балама авторлық бағдарламаларды таңдауға, қолдануға, тәрбиелеудің, оқытудың және сауықтырудың жаңа технологияларын енгізуге құқық береді.

3.15. Күн тәртібі мыналарды қамтиды:

~~жекелегендегі~~ бірінші жартысында:

3.15.1. әр баламен өткен сабактардан алынған материалды диагностикалау ~~жекелегендегі~~ әйнеша жеке жұмыс;

3.15.2. алдағы жұмыстың уәждерін жасау;

3.15.3. кіші топтарда әртүрлі ойын түрлерін, өнімді қызмет түрлерін оқыту;

3.15.4. оқу қызметі;

3.15.5. серуендеу қызметі.

3.16. Күннің екінші жартысында мектеп жасына дейінгі балаларды келесі бөлімдер бойынша оқыту жалғасуда: қызығушылықтар бойынша ұжымдық іс-шаралар, ойын-сауық, серуендеу және балалардың үйге біртіндеп кетуі.

3.17. Мектепке дейінгі білім беру үйымындағы тәрбие жұмысын педагог қызметкерлер мынадай шарттарды ескере отырып жүзеге асырады:

3.17.1. бала мен ересектердің өз қызметінің табысты нәтижесін болжауы;

3.17.2. қызмет түрлерін таңдау еркіндігі;

3.17.3. бала өмірінің эмоциялық қанықтылығы;

3.17.4. жұмыстың ойын және ойын емес тәсілдерін үйлестіру;

3.17.5. өзін-өзі тану мен мінез-құлық стратегиясын қалыптастырудың сөйлеудің, тілдің маңызы.

3.18. Тәрбиеленушілерге медициналық қызмет көрсетуді (штаттық кестеге сәйкес) медициналық персонал жүзеге асырады, ол мектепке дейінгі білім беру үйымының әкімшілігімен қатар балалардың денсаулығы мен дene бітімінің дамуына, емдеу-алдын алу іс-шараларын жүргізуге, санитариялық-гигиеналық нормаларды, күн тәртібін сақтауға, тәрбиеленушілердің тамақтану сапасына, дene және ақыл-ой жүктемесінің мөлшеріне жаупты болады.

3.19. Мектепке дейінгі білім беру үйымында кез келген нысанда діни және атеистік тәрбиеге жол берілмейді.

3.20. Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сәйкес мектепте окуға дайындық деңгейін анықтау үшін балалардың білімін бақылау жүргізіледі.

3.21. Кәсіпорын мен ата-аналар немесе олардың занды өкілдері арасындағы әзара қарым-қатынастар баланы мектепке дейінгі білім беру үйымына қабылдау кезінде жасалатын шартпен реттеледі. Шартта баланың мектепке дейінгі білім беру үйымына келу режимі, тамақтану жиілігі, білім беру, сауықтыру қызметтерін ұсыну деңгейі мен мерзімдері, баланы мектепке дейінгі білім беру үйымында ұстағаны үшін ақы төлеу мөлшері, қосымша ақылы қызметтер және өзге де жағдайлар әйкynдалады.

3.22. Кәсіпорын балалардың теңдестірілген тамақтануын қамтамасыз етеді. Балаларды тамактандыру жас ерекшеліктерін, жұмыс тәртібін ескере отырып жүргізіледі, оның еселігі санитариялық-эпидемиологиялық талаптармен және жарғымен айқындалады.

3.23. Кәсіпорын мектепке дейінгі үйым басшысы белгілеген тәртіппен білім беру, сауықтыру сипатындағы қосымша ақылы қызметтер көрсетеді. Ақылы қызметтерден түсken қаражат мамандарға жалақы есептеуге, құралдар сатып алуға, тиісті даму ортасын құруға, мектепке дейінгі үйым қызметкерлеріне сыйақы беруге ғанағытталуы мумкін.

3.24. Отбасы мен баланы әлеуметтік-педагогикалық қолдау мақсатында Балалары мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған ата-аналар үшін мектепке дейінгі үйымда консультациялық пункт құрылады.

3.25. Мектепке дейінгі үйымдарды басқару дара басшылық және алқалық ғасқару қағидаттарында құрылады. Алқалық басқару нысандары педагогикалық, әмкоршылық кеңестер болып табылады.

3.26. Мектепке дейінгі білім беру үйымында тәрбие-білім беру процесін қамтамасыз ету кезінде әрбір балаға кепілдік беріледі:

3.26.1. оның өмірі мен денсаулығын қорғау;

3.26.2. оның қадір-қасиетін қорғау;

3.26.3. күш көрсетеу, моральдық немесе психикалық зорлық-зомбылықтың барлық нысандарынан қорғау;

3.26.4. оның шығармашылық қабілеттері мен мұдделерін дамыту;

3.26.5. сапалы мектепалды даярлық;

3.26.6. дамуында орын алған кемшіліктерді түзетуде білікті көмек алу;

3.26.7. оның бейімділігіне, қабілеттеріне, қалауы мен денсаулық жағдайына сәйкес қосымша білім беру, сауықтыру қызметтерін алуға құқығы бар.

3.27. Ата-аналар немесе занды өкілдер:

3.27.1. тәрбиеленушілердің тәрбие-білім беру бағдарламаларын игеруі және тәрбие-білім беру процесін үйымдастыру шарттары туралы объективті ақпарат алуға міндettі;

3.27.2. тәрбие және білім беру проблемалары бойынша білікті кеңес алуға құқылы;

3.27.3. балалардың бос уақытын үйымдастыруға және бос уақытында олардың мінез-құлқын бақылауға міндettі;

3.27.4. тәрбиеленушілерге осы жарғыда айқындалатын сапалы қарап-тексеруді, оларды күтіп-бағуды, тәрбиелеу мен дамытуды талап етуге міндettі;

3.27.5. қамқоршылық кеңес арқылы мектепке дейінгі білім беру үйымының басқару органдарының жұмысына қатысу;

3.27.6. балалармен жұмысты жақсарту бойынша ұсыныстар енгізу;

3.27.7. жанжалды жағдайларды шешу үшін мектепке дейінгі білім беру үйымының әкімшілігіне жүргінуге құқығы бар.

3.28. Ата-аналар немесе занды өкілдер міндettі:

3.28.1. мектепке дейінгі білім беру үйымдарының қызметкерлерімен және басшылығымен байланыс жасау;

3.28.2. балаларды табысты тәрбиелеу үшін үйде жағдай жасауға, олардың зияткерлік және дene күштерінің дамуын, адамгершілік қалыптасуын қамтамасыз етуге міндettі;

3.28.3. мектепке дейінгі білім беру үйымының жұмыс тәртібін сақтауға міндettі;

3.28.4. баланы күтіп-бағу үшін төлемді уақытыны енгізуге міндettі;

3.28.5. мектепке дейінгі білім беру үйымының тәрбиеленушісі келтірген материалдық залалды өтеуге міндettі;

3.28.6. мектепке дейінгі білім беру үйымы қызметкерлерінің, тәрбиеленушілердің, басқа да ата-аналардың немесе оларды алмастыратын адамдардың ар-намысын, қадір-қасиетін және құқықтарын құрметтеуге;

3.28.7. қамқоршылық кеңестің шешімдерін орындауға міндettі;

3.28.8. баланың мектепке дейінгі білім беру үйымына баруын қамтамасыз етуге міндettі.

3.29. Мемлекеттік кәсіпорын педагогтерінің құқықтары, әлеуметтік кепілдіктері мен шектеулері, міндettтері мен жауапкершілігі Қазақстан Республикасының "Педагог мәртебесі туралы" Заңымен регламенттелген.

3.30. Кәсіпорынның осы жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсатына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқығы жоқ.

3.31. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не басшының жарғылық құзыретін бұза отырып жасаған мәмілесі Уәкілетті органның не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4-тaraу. Кәсіпорынды басқару

4.1. Құрылтайшы кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды, сондай-ақ кәсіпорынның құрылтайшысы үшін көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

4.2. Уәкілетті орган кәсіпорынның құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізеді, сондай-ақ кәсіпорынның мүлкіне қатысты мемлекеттік коммуналдық меншік құқығының субъектісі үшін көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады, кәсіпорын басшысын тағайындауды.

4.3. «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Тасқала ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесі:

4.3.1. қызметтің басым бағыттарын және кәсіпорынның бюджетінен қаржыландырылатын жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) міндетті көлемдерін айқындауды;

4.3.2. кәсіпорынның даму жоспарларын және олардың орындалуы жөніндегі есептерді қарайды, келіседі және бекітеді;

4.3.3. кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

4.3.4. коммуналдық мүлікті кәсіпорынға бекітеді;

4.3.5. кәсіпорынның мүлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, жалға алуға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлік басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды;

4.3.6. кәсіпорын мүлкінің пайдаланылуы мен сақталуына бақылауды қамтамасыз етеді;

4.3.7. кәсіпорын мүлкін есепке алуды ұйымдастырады, оның тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді;

4.3.8. кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын белгілейді;

4.3.9. мемлекеттік мекеменің басқару органдарының құрылымын, қалыптастыру тәртібін және өкілеттіктерінің мерзімін, мемлекеттік мекеменің шешімдер қабылдау тәртібін анықтайды;

4.3.10. кәсіпорын басшысының құқықтарын, міндеттерін және жауапкершілігін, оны атқаратын қызметінен босату негіздерін анықтайды;

4.3.11. осы жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасымен өзіне жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

4.4. «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Тасқала ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және білім беру саласындағы уәкілетті орган

бекіткен мемлекеттік білім беру үйымдарының басшыларын тағайындау қағидаларына сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы кәсіпорын басшысымен еңбек қатынастарын рәсімдейді.

4.5. Егер заңдарда және кәсіпорын жарғысында өзгеше көзделмесе, кәсіпорын басшысы дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін заңдарда және осы Жарғыда айқындалатын өз күзыретіне сәйкес дербес шешеді.

4.6. Кәсіпорын басшысы:

4.6.1. кәсіпорын атынан сенімхатсыз әрекет етеді және барлық органдарда оның муддесін білдіреді;

4.6.2. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектерде кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

4.6.3. шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

4.6.4. сенімхаттар береді;

4.6.5. банк шоттарын ашады;

4.6.6. кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндettі бүйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

4.6.7. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы жарғыда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес кәсіпорын қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шартын бұзады, көтермелей шараларын қолданады және оларды жазаға тартады.

4.6.8. кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметіне және мүлкінің сақталуына, таза табыстың белгіленген бөлігін бюджетке уақтылы аударылмауына дербес жауапты болады.

4.6.9. сыйайлар жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау бойынша жұмысты үйымдастырады, оның ішінде білім беру үйимында сыйайлар жемқорлықтың профилактикасы және алдын алу бойынша шаралар қабылдайды.

4.6.10. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

4.7. Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен кәсіпорын банкрот деп танылған немесе оңалту рәсімі қолданылған және уақытша, банкроттықты немесе оңалтуды басқарушы тағайындалған жағдайларда, оны басқару жөніндегі барлық өкілеттіктер тиісінше уақытша, банкроттықты немесе оңалтуды басқарушыға өтеді.

5-тaraу. Кәсіпорынның мүлкі

5.1. Кәсіпорынның мүлкін құны оның теңгерімінде көрсетілетін Кәсіпорынның активтері құрайды.

5.2. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар бойынша таратылмайды (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар), оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында.

5.3. Кәсіпорынның мүлкі мыналардан құралады:

5.3.1. Оған меншік иесі берген мүлік;

5.3.2. Өз қызметі нәтижесінде сатып алғанған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда);

5.3.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

5.4. Кәсіпорынның қарамағында оның жарғылық мақсаттарында көзделген қызметті қамтамасыз ету үшін оған қажетті не осы қызметтің өнімі болып табылатын мұлік қана бола алады.

5.5. Егер осы бапта өзгеше көзделмесе немесе осы заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, жедел басқару құқығына ие болу және оны тоқтату Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптармен және тәртіппен жүзеге асырылады.

5.6. Шаруашылық жүргізудегі мұлікті пайдаланудың жемістері өнім мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша сатып алған мұлікті пайдаланудан алынған кірістер меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның жүргізуіне түседі.

5.7. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе құрылтайшының шешімінде өзгеше белгіленбесе, меншік иесі оны Кәсіпорынға бекітіп беру туралы шешім қабылдаған мұлікке жедел басқару құқығы Кәсіпорында мұлікті өз балансына бекітіп берген кезде туындайды.

5.8. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мұлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

5.9. Кәсіпорынның мұлкін жедел басқару құқығы меншік құқығын тоқтату үшін Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінде көзделген негіздер мен тәртіп бойынша, сондай-ақ «Мемлекеттік мұлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

5.10. Жедел басқару құқығындағы Кәсіпорын өзіне бекітіліп берілген, негізгі құралдарға жататын мұлікті иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, дебиторлық берешекті беруге және есептен шығаруға Уәкілетті органның жазбаша келісімімен ғана құқылы.

5.11. Кәсіпорын оған жедел басқару құқығымен бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мұлікке дербес билік етеді.

6-тарау. Кәсіпорын қызметін қаржыландыру

6.1. Кәсіпорынның қызметі Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен қаржыландырылады.

6.2. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақылы білім беру қызметтерін көрсетеді. Мұндай қызметтердің құнын кәсіпорынның құрылтайшысы анықтайды.

6.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Жарғыда көзделмеген қызметті жүзеге асырудан кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алынады. Мұлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алынады.

7-тaraу. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

7.1. Жедел басқару құқығындағы Кәсіпорынның жарғылық капиталы жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін меншік иесінен басқаруға алынған мүліктен қалыптастырылады.

8-тaraу. Кәсіпорынның есебі және есептілігі

8.1. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

8.2. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есептілігіне мыналар кіреді: бухгалтерлік баланс, кірістер мен шығындар туралы есеп, ақша қозғалысы туралы есеп, капиталдағы өзгерістер туралы есеп, түсіндірме жазба.

9-тaraу. Кәсіпорынның жауапкершілігі

9.1. Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өз билігіндегі ақшамен жауап береді. Осы заңды тұлға таратылған жағдайларды қоспағанда, қазыналық кәсіпорынның қалған мүлкін өндіріп алуға жол берілмейді.

9.2. Кәсіпорын мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Ақша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бөлініс тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауаптылықта болады.

10-тaraу. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

10.1. Кәсіпорын қызметкерлерінің еңбекақы төлеу жүйесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталады және Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» қаулысымен реттеледі.

11-тaraу. Еңбек ұжымымен өзара қарым-қатынас

11.1. Кәсіпорын әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

11.2. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

12-тaraу. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

12.1. Кәсіпорын өз міндеттемесі бойынша тек өзінің қармагындағы ақша бойынша жауап береді. Кәсіпорынның басқа да мүлкін, тарату жағдайын есептемегендे, алуға жол берілмейді.

12.2. Кәсіпорынның ақшалай қаражаты жетіспеген кезде оның міндеттемесі бойынша субсидиарлы жауапкершілікті Уәкілетті орган атқарады.

12.3. Кәсіпорын қызметін тоқтату (косу, біріктіру, бөлу, қайта құру) қайта құру және тарату Құрылтайшы арқылы жүргізіледі.

12.4. Кәсіпорынды қайта құру және тарату қолданылып жүрген заңнамаларға сәйкес жүзеге асырылады.

12.5. Кәсіпорын мүлкін қайта құру кезінде оның құқығы мен міндеттері Қазақстан Республикасының қолданыстагы заңнамасында белгіленген тәртіп бойынша оның құқықтық мұрагеріне беріледі.

12.6. Таратылған Кәсіпорынның кредит берушілердің талаптарын қанагаттандырудан кейін қалған мүлкін Уәкілетті орган қайтадан бөледі. Таратылған Кәсіпорынның ақшалай қаражаты, осы кәсіпорынның кредит берушілердің талаптары қанагаттандырылғаннан кейін қалатын мүлкін сату нәтижесінде түскен қаражаты мен қоса тиісті бюджеттің табысына есептеледі.

12.7. Келісім шарт міндеттері бойынша жауапкершілік мемлекеттік кәсіпорын туралы заңнама актілерімен бекітілген тәртіпте жүктеледі.

12.8. Таратылған кәсіпорынның кредит берушілердің заңды талаптарын қанагаттандыруға арналған мүлкі жетіспеген жағдайда, соңғысы жетіспейтін кәсіпорын мүлкінің мешік иссінен талап етуге құқылы.

12.9. Тарату өткізілді ал кәсіпорын өзінің қызметін тоқтатты деп, бұл туралы жазбаны заңды тұлғаларды тіркейтін мемлекеттік тіркелімге енгізгеннен бастап саналады.

13-тaraу. Жарғыға озгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

13.1. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар Уәкілетті органның бүйрығымен енгізіледі және тіркеу органында мемлекеттік тіркелуге жатады.

Немірленген және тігілген

бастап

дайын бет

Беттер саны

11

ҮЛГІРКЕСТІРГЕЛ
НЕГІЗІНДЕ
ТИРКЕЛГЕН

